

**"Мемлекеттік органдардың интранет-порталында жұмыс істеу жөніндегі нұсқаулықты бекіту туралы" Қазақстан Республикасының Көлік және коммуникация министрінің 2013 жылғы 2 қазандағы № 775 бұйрығының күші жойылды деп тану туралы**

Қазақстан Республикасы Инвестициялар және даму министрінің м.а. 2016 жылғы 14 сәуірдегі № 376 бұйрығы

«Нормативтік құқықтық актілер туралы» 1998 жылғы 24 наурыздағы Қазақстан Республикасының Заңы 43-1 бабының 1-тармағына сәйкес **БҰЙЫРАМЫН:**

1. «Мемлекеттік органдардың интранет-порталында жұмыс істеу жөніндегі нұсқаулықты бекіту туралы» Қазақстан Республикасының Көлік және коммуникация министрінің 2013 жылғы 2 қазандағы № 775 бұйрығының («Егемен Қазақстан» 2014 жылғы 25 ақпан № 38 (28262) газетінде жарияланып, нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 8897 болып тіркелген) күші жойылды деп танылсын.

2. Қазақстан Республикасы Инвестициялар және даму министрлігінің Байланыс, ақпараттандыру және ақпарат комитеті (Т.Б. Қазанғап):

1) осы бұйрықтың көшірмесін Қазақстан Республикасы Әділет министрлігіне ж і б е р с і н ;

2) осы бұйрықты «Әділет» ақпараттық-құқықтық жүйесінде және мерзімдік баспасөз басылымдарында ресми жариялауға жіберсін;

3) осы бұйрықты Қазақстан Республикасы Инвестициялар және даму министрлігінің интернет-ресурсында және мемлекеттік органдардың интранет-порталында орналастырсын.

3. Осы бұйрықтың орындалуын бақылау жетекшілік ететін Қазақстан Республикасы Инвестициялар және даму вице-министріне жүктелсін.

4. Осы бұйрық қол қойылған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі.

*Министрдің міндетін атқарушы А. Рау*